

ОҚУЛЫҚ НЕГЕ АЛА-ҚҰЛА?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



НАУРЫЗНАМА КҮНДЕЛІГІ

8-БЕТ | НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

РЕФЕРЕНДУМНЫҢ АЛДЫН АЛА ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Орталық референдум комиссиясы референдумның алдын ала қорытындысын хабарлады. Комиссия мәліметінше, дауыс беруге жалпы 9 127 192 адам қатысты, бұл сайлаушылардың 73,12%-ы. Жаңа Конституцияға енгізілетін өзгерістерді қолдап 7 954 667 адам дауыс берген, бұл дауыс беруге қатысқандардың 87,15%-ын құрайды.

№31
(4929)
Сейсенбі
17 наурыз
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



ҚАЗАҚ ЕЛІ ТАРИХИ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық референдум барысында жүргізілген экзит-полл қорытындысымен танысты. «Қазмедиа орталығының» студиясында экзит-полл нәтижелері таныстырылғаннан кейін Мемлекет басшысы мәлімдеме жасады.

«Бүгін – Қазақстан үшін тарихи күн! Еліміздің азаматтары конституциялық реформаны қолдап, референдумға белсенді түрде қатысты. Отанымыздың болашағын ойлап дауыс берді. Бұл – өте жақсы оқиға. Қазір ғана экзит-поллдың нәтижелері шықты. Соған сәйкес қазақ елі түбегейлі тарихи таңдауын жасады. Халқымызға шынайы ризашылығымды айтқым келеді. Бүгін жұртымыз дауыс беріп, Қазақстанның тарихын, тағдырын айқындады. Бұл шешім дүние жүзі тарихында мәңгі сақталады. Бұл мәселе бойынша ешқандай күмәнім жоқ. Өйткені бұл – азаматтарымыздың бойындағы нағыз отаншылдық нышаны. Енді жыл сайын 15 наурызды – Конституция күні, яғни, еліміздің ең басты мерекесінің бірі ретінде қарсы аламыз. Себебі Қазақстан халқы жаңару мен жаңғыру үшін дауыс берді. Бұл – біздің бәрімізге ортақ жетістік. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!» деді Мемлекет басшысы.

(Соңы 2-бетте)

АНТЫҢА АДАЛ БОЛ, ЖАУЫНГЕР!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мерзімді әскери қызметті өткерген әскери қызметшілерді запасқа шығару және азаматтарды 2026 жылы әскерге шақыру туралы Жарлыққа қол қойды.

Жарлыққа сәйкес, әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметшілер 2026 жылдың наурыз-маусым және қыркүйек-желтоқсан айларында запасқа шығарылады. Олар Қазақстан Қарулы Күштер, Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Мемлекеттік күзет қызметі қатарынан босатылады.

Сонымен қатар, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ 18 бен 27 жас аралығындағы ер-азаматтар осы кезеңдерде мерзімді әскери қызметке шақырылады.

КӨКТЕМДЕ ҚАР ТАУСЫЛАР ЕМЕС

Астананың коммуналдық қызметі қаланы қардан тазалау жұмысын күндіз де, түнде де тоқтаусыз жүргізіп жатыр.


Елордада ауа райы күрт жылынғанымен, соңғы айда түскен қалың қарды шығару жұмысы жалғасып жатыр. Өткен түнде елордадан қар полигондарына 50 492 текше метр қар 3 073 ауыр жүк көлігінің рейсімен шығарылды.

Кешеден бері қаланы қар мен мұздан тазалау жұмысына 1 867 арнайы техника мен 3 001 жол жұмысшысы жұмылдырылды. Бірінші кезекте көше магистральдары мен қоғамдық көлік бағыттары тазалануда.

Жалпы, қыс мезгілі басталғалы қар полигондарына 507 140 рейспен жалпы көлемі 7 млн 697 мың 958 текше метр қар шығарылды.

САНСӨЙЛЕМ

ЕЛІМІЗДЕ **585** НӘРЕСТЕ РЕФЕРЕНДУМ КҮНІ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ



НАУРЫЗ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АЙЫ

Астанада Наурызнаманың онкүндігі аясында қайырымдылық шаралары ұйымдастырылды.

Қайырымдылық күніне орай Астана қаласының әкімдігі мен демеуші «YDA GROUP» көпсалалы өндірістік компаниясы және «Астана жастары» еріктілерінің қатысуымен өткізілген қайырымдылық акциясында әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған және қиын материалдық жағдайда қалған 250 отбасыға азық-түлік жиынтықтары таратылды.

Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бастамасымен мекеме қызметкерлері қан тапсырып, донорлық көмекке мұқтаж науқастарға жәрдем берді. «Үміт» дағдарыс орталығындағы азаматтар үшін елорда бойынша экскурсия ұйымдастырылды. «Науат» мейрамханасы коммуналдық қызметкерлерге ыстық шай мен бауырсақ, палау таратты.

Бүгін «Наурызнама» аясында «Шаңырақ күні» аталып өтіледі.



№31 (4929) 17/03/2026 Сейсенбі



ҚАЗАҚ ЕЛІ ТАРИХИ ТАҢДАУЫН ЖАСАДЫ

AQORDA

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық референдум аса жоғары деңгейде өткенін, ашық әрі әділ болғанын айтты. Президенттің пікірінше, барлық заң талаптары мен демократиялық нормалар қатаң сақталды. Мұны еліміздің және шетелдің байқаушылары да айтып отыр.

«Азаматтар жасаған таңдаудың түпкілікті қорытындысын заңға сәйкес Орталық референдум комиссиясы ресми тәртіппен шығарады. Бірақ қазірдің өзінде Қазақстан халқы ынтымақ пен бірліктің, патриотизмнің, Отан тағдырына ортақ жауапкершіліктің керемет үлгісін көрсетті деп айта аламыз. Азаматтарымыздың басым бөлігі Өркендеу, Әділет, Заң мен Тәртіп, Табиғатты аялау және Тазалық жолын таңдады. Бұл – өте жақсы жол. Жаңа Халық Конституциясы елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды. Бұған ешқандай күмән жоқ. Дауыс берушілер саны бойынша ең жоғары рекордтық көрсеткіш тіркелді. Мұндай жағдай көптен бері болмап еді. Учаскеге келіп, азаматтық ұстанымын анық білдірген баршаға алғыс айтамын. Осы арқылы күллі әлемге қазақ қоғамының саяси мәдениеті жоғары екенін паш еттік. «Бірлік бар жерде тірлік бар». Бірлік бар жерде өркендеу бар. Елдің қуаты – бірлікте. Бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Сонда ғана озық, дамыған, бәсекеге қабілетті ел боламыз» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан халқы қолдаған, жаппай дауыс берген Конституция – еліміздің темірқазығы.

«Жаңа Конституция – Тәуелсіздік пен егемендік тірегі. Ата Заңымыз – адам құқығы мен бостандығының мызғымас кепілі. Біз бір ел болып Заң мен тәртіп сақталатын, жауапты және жасампаз азаматтары бар Әділетті қоғам құру жолында маңызды қадам жасадық. Осылайша, бүгін ұлт тарихының жаңа парағын аштық. Алда ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Ең бастысы, халқымыз түбегейлі өзгерістерді барынша қолдайды. Біз ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, келер ұрпаққа Өркениетті, Озық Қазақстанды аманат етеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Осы референдум кезінде жастар белсенді түрде сайлауға қатысты. Жастарымызға мың да бір рақмет! Жастарымыздың дауысы, үні өте жақсы естілді. Әрқашан аман болыңыздар! Қазақ елінің қасиетті Тәуелсіздігі мәңгі болсын! Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасай берсін! Жаңа Конституциямыз құтты болсын!» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



15 НАУРЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазмедиа» орталығында республикалық референдум аясындағы үгіт-насихат науқанына белсенді қатысқан жастармен кездесті. Президент 15 наурыз тарихи күн екенін атап өтіп, жастарға ризашылығын білдірді.

«Шын мәнінде, бұл күн ел өмірінде мәңгі сақталады. Енді 15 наурыз – Конституция күні болып белгіленеді. Бұл – еліміздің басты құжаты. Мен басқа да мемлекеттердің конституцияларымен танысып шықтым. Біздің Конституциямыз ең үздік Ата Заңдардың қатарында тұрады деп сеніммен айта аламын» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент жаңа Конституция, ең алдымен, жастарға арналғанына назар аударды. Ата Заңға волонтерлік қызмет, ғылым, инновация, жасанды интеллект сияқты ұғымдар енгізілгеніне тоқталды.

«Ауқымды үгіт-насихат науқаны жүргізілді. Алдымызда жұмыс көп. Енді жазда Парламент сайлауы өтеді. Оны бір ел болып атқаруымыз керек. Бұл жастардың парламенті болуы қажет деп ойлаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесуде «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Ескендірова, креативті индустрия өкілі, кәсіпкер Камиль Байрамов, белсенді жастар Ержан Хамитов пен Нұрбол Серікбай сөз сөйледі. Жастар бір ай ішінде түрлі форматта 5 мыңға жуық кездесу өткізіп, оған 1,5 миллионнан аса азамат қатысқанын жеткізді. Сондай-ақ елімізде қолға алынған өзгерістердің барлығын қолдайтынын айтты.

ЕЛ ТАҒДЫРЫ АЙҚЫНДАЛҒАН КҮН

Төлен ТІЛЕУБАЙ

РЕФЕРЕНДУМДА ДАУЫС БЕРДІ

Мемлекет басшысы жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумға қатысып, Оқушылар сарайында орналасқан № 51 референдум учаскесінде дауыс берді. Президент дауыс берген соң отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған брифинг өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін еліміздің дамуы мен келешегі үшін ерекше маңызды күн екенін атап өтті.

«Бүгін еліміздің тағдырын айқындайтын күн. Баршаңызға құтты болсын! Шын мәнінде, бұл – тарихи құжат. Ол азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. Сондықтан оның маңызы өте жоғары. Жаңа Конституция еліміздің, жеріміздің тұтастығын, Тәуелсіздігі мен Егемендігін қорғайды. 1995 жылы қабылданған Конституция ерекше рөл атқарды. Еліміз 35 жыл осы құжатпен өмір сүрді. Бірақ заман бір орында тұрмайды. Сол себепті жаңа Конституция қабылдайтын уақыт келді. Бұл жұмысқа мен де белсене атсалыстым. Конституцияның преамбуласын және басқа да нормаларын өзім жаздым. Жаңа Ата Заң ел игілігіне, келешегіне қызмет етеді деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Бұдан кейін Президент конституциялық реформаның негізгі мақсаты мен міндеттеріне, сондай-ақ халықаралық күн тәртібіне қатысты бірқатар сауалға жауап берді.

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ 2029 ЖЫЛЫ ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы жаңа Конституция жобасына қатысты референдумда дауыс бергеннен кейін журналистерге арналған брифинг өткізді. «Время» газетінің тілшісі Тоғжан Ғани: «Әлемдік тәжірибеде конституциялық реформа ұзақ уақытқа созылады. Ал бізде жаңа Конституцияны дайындауға және талқылауға аз ғана уақыт жұмсалды. Бұған халықаралық байқаушылар назар аударып, сынға алды. Сіз бұл жөнінде не дейсіз?» деген сұрақ қойды.

Бұл сұраққа Президент: «Бұған дейін айтқанымдай, Конституция жобасын әзірлеу жұмыстары біраз уақытқа созылды. 2022 жылы Конституцияға өзгерістер енгізілгені өздеріңізге мәлім. Сол кездің өзінде жаңа Конституция қабылдауға болар еді. Бірақ біз ондай қадамға бармадық. Дегенмен жаңа Конституция қабылдау туралы идея пайда болды. Шамамен екі жыл бұрын іске кірістім. Елімізге жаңа Конституция қабылдау керек деген ұйғарымға келдім. Қазақстан, ең алдымен, зайырлы мемлекет болуға тиіс. Бұл Конституция елімізді ілгерілетініне ешқандай күмәнім жоқ. Біз көштен қалмай, прогрестің алдыңғы шебінде жүруіміз керек. Озық ел болсақ, басқа мемлекеттер бізге құрметпен қарайды. Ел тағдыры – өз қолымызда. Сол үшін табанды еңбек ету керек. Алдымызда тұрған ең үлкен мақсат – осы» деп жауап берді.

Jibek joly телеарнасының тілшісі Зұлқарнай Ермұрат: «Кейбір сарапшылар «Конституциялық реформа – билік транзитіне, Президент сайлауына дайындық» деген пікір айтып жүр. Жалпы, Вице-Президент лауазымы не үшін қажет? Осыған қатысты пікіріңізді білсек деп едік» деген сауал қойды. Бұл сауалға Мемлекет басшысы: «Вице-Президент лауазымы туралы әртүрлі әңгіме айтылып жүргенін білемін. Шын мәнінде, бірқатар шет мемлекетте Вице-Президент лауазымы бар. Кейбір сарапшылар «Қазақстанда билік ішінде бәсеке өршіп, түрлі үрдістер жүреді, елге зиян келеді» деген пікір білдіруде. Бұл мәселеде қоғамға зардап келетіндей қорқыныш жоқ. Вице-Президент лауазымы біздің билік институттарын нығайтады. Келешекте бәрі айқын болады. Мемлекет басшысы ретінде бұл лауазымға, жалпы бүкіл реформаға үлкен үміт артып отырмын. Ал Президент сайлауы қазіргі Конституцияға сәйкес 2029 жылы өз мерзімінде өтеді» деп жауап берді.

Tengrinewskz ақпарат агенттігінің тілшісі Айсұлтан Құлшымановтың: «Қазақстан халықаралық қақтығыстарды әрдайым дипломатиялық жолмен шешуді жақтайды. Сіз бұл ұстанымды жақында Таяу Шығыстағы ахуалға қатысты мәлімдемелеріңіз арқылы растадыңыз. Сондай-ақ Шығанақтағы бірқатар мемлекет басшысымен телефон арқылы сөйлесіп, оларға қолдау білдірдіңіз. Бірақ Иран Президентімен сөйлеспедіңіз. Бұл Қазақстанның бейтарап ұстанымынан айнып, араб елдерін қолдайтынын білдіре ме?» деген сұрағына Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақстан әлемге бейбіт ел ретінде белгілі. Кез келген қақтығысты дипломатиялық жолмен шешуді жақтаймыз. Бұл – айнымас ұстанымымыз. Таяу Шығыста орын алған жағдайдың түрлі себебі бар. Мен мұны жақында өткен алқалы жиында да айтқанмын. Расында, Шығанақтағы араб елдерінің басшыларымен телефон арқылы сөйлестім, тілектес екенімді жеткіздім. Ал Иран Президенті Масуд Пезешкианның жақында елімізге ресми сапармен келгенін білесіздер. Сол кезде жақсы әсер қалдырды. Ол – зайырлы көзқарастағы адам, өзі кардиохирург. Мен оның Иран Шығанақ елдеріне шабуыл жасамайды деген мәлімдемесін құптадым.

Біз Иран халқына, оның мәдениеті мен тарихына құрметпен қараймыз. Сондықтан өз ұстанымымыздан айныған жоқпыз, әрдайым бейбітсүйгіш ел болып қала береміз» деп жауап берді.

Zakon.kz сайтының тілшісі Оксана Даированың: «Президент мырза, жаңа Конституция жобасын екі-үш сөзбен сипаттап бере аласыз ба?» деген сұрағына Мемлекет басшысы: «Бұл – заң мен тәртіп үстемдік құратын Әділетті Қазақстанның Конституциясы, болашаққа бағдарланған құжат. Ата Заң алдымен жастарға арналған, яғни жас буынның темірқазығы болуға тиіс. Жаңа Ата Заңның мақсаты – осы. Қазақстан прогрессивті, заманауи мемлекетке айналуы керек. Бұл – біздің алдымызда тұрған ең басты міндет» деп жауап қайырды.

Euronews телеарнасының тілшісі Боян Бркич брифингте: «Сіз Қазақстан халықаралық аренада орта держава ретінде танылғанын ұдайы айтып келесіз. Еліңіз Президент Трамп құрған Бейбітшілік кеңесіне мүше болды. Сіздің ойыңызша, Таяу Шығыстағы қазіргі жағдай Бейбітшілік кеңесіне қалай әсер етеді? Бұл бастама өміршең дей аласыз ба? Дональд Трамптың жобасын қолдау жөніндегі шешімге қалай келдіңіз?» деген сұрағын қойды.

Оған Президент: «Ең алдымен, Америка Құрама Штаттарының Президентіне құрметім ерекше екенін атап өткім келеді. Оның ақыл-парасатқа негізделген стратегиясы өте дұрыс, құптауға лайық. Бейбітшілік кеңесі туралы бастаманың идеясы, халықаралық күн тәртібіндегі күрделі мәселелерді шешудегі жаңашыл тәсілдері көңілден шықты. Мұнда әуелі дәстүрлі дипломатия мен ірі бизнестің мүмкіндіктері ұштасады. Бұл қарапайым халыққа, соның ішінде Газа секторының тұрғындарына нақты пайдасын тигізеді. Әлем халқы бітпейтін конференциялардан жалықты. Аталған жиындарда қабылданатын изгі ниетті қарарларды аздаған адам ғана оқиды. Сол себепті бұл идеяны қолдау қажет деп ойлаймын. Өйткені тың шешімдер ұсынады. Президент Трамп мықты тұлға ретінде әсер қалдырады. Ол – батыл көшбасшы. Таяу Шығыста, соның ішінде Палестинада бейбітшілік орнату мүмкіндігі әлі де бар екеніне кәміл сенемін. Бұл бастама баянды болады деп үміттенемін» деп жауап берді.

№31 (4929) 17/03/2026 Сейсенбі

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ШАРАСЫ



Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күнінде «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтерлары «Бауырсақ біріктіреді» шарасын ұйымдастырды.

Елордадағы орталық саябақ жағалауында өткен игі іс-шара Наурызнама онкүндігі аясында өткізілді. Акция барысында ерікті жастар қала тұрғындарына бауырсақ таратып, қайырымдылықты насихаттауды мақсат етті.

– Астаналықтарды көктемнің жылы шуақты күнінде қуантайын деп шештік. Ұлыстың ұлы күніне орай бауырсақ тараттық. Осылайша жылулық пен жақсы көңіл-күй сыйлағымыз келді, – деп бөлісті өз сөзінде еріктілердің бірі Аяна Құрмантай.

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Кеше елорданың «Tanym» көпфункционалды кешенінде «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні!» атты мерекелік іс-шара өтті. Оған Астана қаласы Білім басқармасы мен Нұра ауданы әкімдігінің өкілдері, мектеп басшылары, сондай-ақ №1 және №2 өнер мектептерінің және «Tanym» көпфункционалды кешенінің білім алушылары мен педагогтері қатысты.

Мерекелік концерттің басты мақсаты – ұлттық дәстүрлерді дәріптеу, Наурыз мейрамының рухын кеңінен насихаттау, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды, ұлттық дәстүрімізді сіңіру және шығармашылық ұжымдардың өнерін таныстыру.

Бағдарлама театрландырылған көрініспен басталды. Көріністе көктемнің келуі, табиғаттың жаңаруы және халқымыздың ежелгі дәстүрі – Көрісу күні бейнеленді. Жастар мен қазыналы қарт арасындағы диалог арқылы ізет, татулық, үлкенге құрмет сияқты ұлттық құндылықтар көрсетілді.

Іс-шара барысында көрермендерге ұлттық және заманауи музыкалық шығармалар, ән-күйлер, би және вокалдық нөмірлер ұсынылды. Әр өнер мектебінің талантты оқушылары мен педагогтері сахнада өз өнерлерін көрсетіп, мерекелік көңіл күй сыйлады. Дастарқан жайылып, қонақтарға қазақ халқының қонақжай дәстүрі таныстырылды. LED экранда Наурыз мерекесінің мазмұнын ашатын арнайы бейнематериалдар көрсетіліп, өнер мен ұлттық дәстүр ұштастырылды, достық пен бірлікті дәріптелді.

ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІНІҢ КӨРМЕСІ

«Даму молл» сауда ойын-сауық орталығында Сарайшық ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қолөнершілерінің көрмесі өтті. Іс-шарада орталыққа келушілер зейнеткер әжелердің қолынан шыққан ұлттық нақыштағы түрлі бұйымдармен танысты.



Сарайшық ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында ұлттық қолөнерді дамытуға бағытталған қолөнер үйірмесі табысты жұмыс жасап келеді. Үйірме өз жұмысын 2025 жылдың қыркүйек айында бастаған. Алғашқы уақытта үйірмеге 20-30 зейнеткер әйел қатысса, қазіргі таңда қатысушылар саны 80 адамға жеткен. Соның ішінде шамамен 70 пайызы қолөнер жұмыстарын толық меңгеріп, белсенді түрде айналысуда.

Үйірме барысында қатысушылар, ең алдымен, инемен шұқып кесте тігу техникасын меңгерді. Бұл – дәстүрлі кілем өнерінің жаңартылған түрі. Осы әдіс арқылы шебер әжелер кілемге ұқсас әсем картиналар жасауды үйренген. Бір картинаны жасауға шамамен 2-3 күн уақыт кетеді. Кейін үйірме мүшелері жүнмен жұмыс жасау тәсілдерін меңгеріп, картиналарды табиғи жүнмен безендіру жұмыстарын қолға алған. Сонымен қатар қолөнершілер тоқылған сөмкелер, жастықтар және басқа да тұрмыстық бұйымдар дайындайды.

ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Елордада полиция абаттандыру ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігімен және «109» бірыңғай анықтама қызметімен бірлесіп, рейдтер жүргізіп жатыр.

Министрліктің мәліметінше, полиция қызметкерлері «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы басталғалы бері елордада 83 мыңнан астам заң бұзушылықты анықтады.

Нәтижесінде 485 жүк және 239 ассенизатор көлігінің жүргізушісі жауапкершілікке тартылған. Соның ішінде қоқысты заңсыз тастау, рұқсат етілмеген жерлерге ағынды суларды төгу, қоршаған ортаны ластауға байланысты басқа да заң бұзушылықтар басты назарда болған. «Мәселен, Тұран даңғылы бойында 29 жастағы КамАЗ автокөлігінің жүргізушісі нәжіс қалдықтарын нөсерлік кәріз жүйесіне төгіп, абаттандыру қағидаларын бұзған. Осындай құқық бұзушылыққа жол берген ұйым жауапкершілікке тартылды» делінген хабарламада. Шаралар ұйымдастыру барысында табиғатты қорғау заңнамасын сақтаудың маңызы туралы азаматтарға түсіндіру жұмыстары жалғасады.

Астана қаласы Есіл ауданындағы «Керуен» сауда орталығында «Армандар әлемі» атты ерекше «Тілек ағашы» орнатылды. Мейірімділік пен қайырымдылықты дәріптеуге бағытталған бұл ағаш бұтақтарына балалардың тілектері жазылған QR-кодтар ілінген.

«АРМАНДАР ӘЛЕМІ» ЕСІГІН АЙҚАРА АШТЫ

Оны сканерлеу арқылы кез келген адам Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында тәрбиеленіп жатқан балалардың тізімімен танысып, бір баланың арманын орындап, сыйлық сыйлай алады. Акцияның басты мақсаты – қоғамды өзара көмек пен қамқорлыққа шақыру.

«Мұндағы әрбір орындалған тілек балаға қуаныш сыйлап қана қоймай, оның жақсылыққа деген сенімін арттырады. Сондай-ақ Цифрландыру жылы аясында жоба биыл жаңа форматта жүзеге асуда. Бұрын тілектер қағазға жазылып ілінсе, қазір олар QR-код арқылы ұсынылып, қайырымдылыққа қатысуды барынша ыңғайлы әрі қолжетімді етті» дейді Есіл ауданы әкімінің баспасөз хатшысы Құралай Серікқызы.



JOLTAP: КӘСІБІН ДАМЫТУҒА КӨМЕКТЕСТІ

Астанада қала тұрғындарына жаңа мамандықтарды меңгеруге және өз ісін дамыту үшін практикалық дағдылар алуға мүмкіндік беретін JOLTAP жобасы табысты түрде жұмысын жалғастырып келеді. Бағдарлама түлектерінің бірі – Ұлжан Ысқақова жобаға қатысу барысы туралы ой бөлісті.

Ұлжанның айтуынша, жобаға қатысу оған жаңа кәсіби мүмкіндіктерге жол ашқан. «JOLTAP жобасына қатысқым келді, өйткені бұл – жаңа мамандықты меңгеріп, пайдалы практикалық дағдылар алуға жақсы мүмкіндік. Қазіргі уақытта үнемі дамып, жаңа нәрселерді үйреніп отыру өте маңызды» деді ол.

Астана тұрғыны оқуға нақты тәжірибе мен шынайы жұмыс барысында қолдануға болатын білім алу мақсатымен келгенін жеткізді. Оның сөзінше, жоба дәл сондай нәтиже берген. Ұлжан Wildberries маркетплейсінде сатылым жүргізу бойынша курстан өтті, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен салық салу негіздерін оқыды. Қазір білімін жетілдіруді жалғастырып, таргеттелген жарнама бойынша курсқа қатысып жатыр.

Оның айтуынша, оқу процесі түсінікті әрі қызықты ұйымдастырылған. Практикаға ерекше көңіл бөлінгендіктен, қатысушылар алған білімдерін бірден қолдана алған. Оқытушылар материалды жанжақты түсіндіріп, сұрақтар туындаған жағдайда тыңдаушыларға көмектесіп отырған. «Жалпы оқу маған қатты ұнады, себебі көп жаңа нәрсе үйреніп, пайдалы дағдыларға ие болдым» деді жоба қатысушысы.

Ұлжанның айтуынша, оқу барысында айтарлықтай қиындықтар болмаған. Тек қатаң тәртіпке үйренуге тура келген – сабаққа кешігуге немесе қатыспай қалуға болмайды.

Алайда ол мұны бағдарламаның артықшылығы деп санайды. Оның пікірінше, мұндай жүйе жауапкершілік пен ұйымшылдыққа үйретіп, оқу процесіне байыппен қарауға көмектеседі. Соның нәтижесінде қатысушылар оқу үдерісіне белсенді қатысқан.

Бүгінде Ұлжан алған білімін жұмысында қолданып жүр. Ол дәл өзі оқыған салада еңбек етіп жатқанын айтты. Ол көпбалалы ана болғандықтан, оған ыңғайлы жұмыс кестесінің болуы өте маңызды. Сондықтан ол өз бетінше жұмыс істеп, кәсібін дербес дамытып келеді. «Оқу барысында алған білімім мен дағдыларым маған үлкен көмегін тигізді. Мен оларды жұмыс барысында үнемі қолданамын» дейді ол.

Ұлжанның айтуынша, оқу оған клиенттер табуға және жұмысының сапасын арттыруға көмектескен. Соның арқасында кәсіби қызметті отбасына қамқорлық жасаумен қатар алып жүруге мүмкіндік туған.

Оқуды аяқтағаннан кейін қатысушы өз өмірінде елеулі өзгерістер болғанын айтады. «Алған білімім өз кәсібімді жүргізуде әлдеқайда дербес болуға көмектесті. Мен JOLTAP жобасын өз ісін іздеп жүрген немесе жаңа мамандық меңгергісі келетін барлық адамға ұсынар едім. Жоба мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіп, түрлі бағытта білім алуға мүмкіндік береді» деді ол.

Оның айтуынша, қатысушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, жұмыс бастап, таңдаған саласында сенімді дамуға көмектесетін практикалық дағдыларды да меңгереді.

№31 (4929) 17/03/2026 Сейсенбі

ТАРИХИ ОҚИҒА КУӘГЕРІ БОЛДЫҚ

Біздің еліміз Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен сенімді түрде дамудың жаңа кезеңіне қадам басты.

Жалпыхалықтық референдумда Қазақстан азаматтары ауызбіршілік пен нағыз отаншылдықтың үлгісін көрсетіп, Мемлекет басшысының ауқымды саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларына жаппай қолдауын білдірді. Біз сіздермен бірге ауқымы мен мән-маңызы тұрғысынан ел тағдырына қатысты тарихи оқиғаның тікелей куәгері болдық.

Президентіміз атап өткендей, қазақстандықтар жаңару мен жаңғыру үшін дауыс беріп, мемлекеттігімізді нығайтуға өз үлестерін қосты. Әділетті әрі Өркендеген Қазақстанның жаңа тарихы ұлттық дәстүрлеріміз бен мәдениетімізді ұлықтап, тек демократиялық құндылықтар негізінде қалыптасуда. Жүргізіліп жатқан өзгерістердің сапасы мен даму қарқынын қамтамасыз ете отырып, бәріміз бірге алға қойылған мақсат-міндеттерге қол жеткізетінімізге сенімдімін.

Барша қазақстандықтарды Отанымыздың Бірлігі мен Тәуелсіздігінің және Егемендігінің символы болып табылатын жаңа Конституцияның қабылдануымен құттықтаймын!

Олжас БЕКТЕНОВ,
ҚР Премьер-министрі

САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕДІ?

Астанада 15 наурыз күні таңғы сағат 7:00-де республикалық референдум өткізу үшін 501 учаске жұмысын бастады. Оның ішінде 395-і – ашық учаске, ал 106-сы – уақытша орналасқан орындардағы учаскелер. Таңертеңнен бастап дауыс беруге келген тұрғындардың белсенділігі байқалды.



Референдумды дайындау және өткізу үшін Астанада 7 аумақтық комиссия (біреуі – қалалық, алтауы – аудандық комиссия), сонымен қатар 501 референдум комиссиясы құрылған. Елорда тұрғындарының ыңғайлылығы үшін арнайы іздеу қызметі іске қосылды. Бұл сервис арқылы азаматтар өз учаскесін тез тауып, оның мекенжайын және жету жолдарын біле алды. Қызметке 2ГИС қосымшасы арқылы да қол жеткізе алды. 395 учаскеде азаматтардың тіркелген мекенжайын тексеруге арналған онлайн-сервистер қолжетімді болды.

Сондай-ақ 30 учаскеде (әр ауданда 5-еуден) шағын ХҚКО ұйымдастырылады. Мұнда тіркеуі жоқ азаматтардың референдум өтетін күні тіркеліп, бірден дауыс беруіне мүмкіндік қарастырылған. Сонымен қатар елордадағы сайлау учаскелерінде тұрғындар үшін арнайы фотозоналар мен фотокабиналар ұйымдастырылды. Дауыс беруге келген қала тұрғындары учаскеге барғаннан кейін естелік суретке түсе алды. Фотозоналар тақырыптық стильде безендірілген, ал кейбір учаскелерде әрбір қалаушы бірден естелік фотоға түсе алатын фотокабиналар орнатылған. Референдум өткен күні – 15 наурызда Астанада қалалық, экспресс және қала маңындағы автобустармен жол жүру тегін болды. Бұл шешім тұрғындардың жүру жолын жылдамдатып, дауыс беру учаскелеріне қолжетімділікті арттыру мақсатында қабылданған.

РЕФЕРЕНДУМҒА САПАЛЫ ДАЙЫНДАЛҒАН

Түркия Республикасы Жоғарғы сайлау кеңесінің төрағасы Ахмет Йенер Астана қаласындағы №149 сайлау учаскесіне барып, Қазақстанда өтіп жатқан жаңа Конституция бойынша референдум туралы пікір білдірді.



«Біз барған сайлау учаскелерінде халықтың қызығушылығы жоғары екенін байқадық. Учаске қызметкерлерінің бізге деген қарым-қатынасы өте жақсы болды. Бұл Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы шамамен 70 мыңға жуық учаске қызметкерін сапалы дайындағанын көрсетеді. Осы ретте ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров пен оның жанындағы қызметкерлерге алғыс айтқым келеді» деді ол.

Ахмет Йенер сайлау учаскелерінде бақылаушылардың да жұмыс істеп жатқанын айтып, мұны демократияның маңызды белгісі деп бағалады. Түркия Жоғарғы сайлау кеңесінің төрағасы сондай-ақ Қазақстан мен Түркиядағы сайлау жүйелерін салыстырып, екі елдегі тәжірибенің көп жағынан ұқсас екенін атап өтті.

«Әр елдің сайлау жүйесі өз ерекшелігіне қарай қалыптасады. Дегенмен жалпы алғанда екі елдегі сайлау тәжірибесінің шамамен 70 пайызы ұқсас. Мысалы, мұнда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға дауыс беру үшін белгілі бір уақыттан кейін үйлеріне барып, дауыс беру мүмкіндігі жасалады. Түркияда да осындай тәжірибе бар, бізде жылжымалы сайлау жәшіктері қолданылады. Сонымен қатар көру қабілеті нашар азаматтарға арналған арнайы траферет екі елде де бар» деді Ахмет Йенер.

Оның айтуынша, кейбір техникалық айырмашылықтар сайлаушыларды тіркеу жүйесінде ғана кездеседі. Бұл әр мемлекеттің өз заңнамасы мен жағдайына байланысты қалыпты құбылыс екенін атап өтті.

ЕЛОРДА ӘКІМІ ДАУЫС БЕРДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек референдумда дауыс берді.



«Оқушылар сарайы ғимаратында орналасқан өз сайлау учаскемде дауыс бердім. Қала бойынша барлығы 501 сайлау учаскесі жұмыс істеп тұр. Елорда тұрғындарының ыңғайлылығы үшін арнайы іздеу қызметі іске қосылған. Оның көмегімен әр азамат өз сайлау учаскесі мен мекенжайын біле алады: referendum.astana.kz ресми веб-сервисі; referendum_astana_bot telegram-боты; 109 нөмірі арқылы iKomek 109 бірыңғай байланыс орталығы. Сайлау учаскелерінде еңбек етіп жүрген азаматтарға алғысымды білдіремін» деп жазды Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.

АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ КӨРІНІСІ

Елімізде өткен референдумға азаматтар белсенді қатысып, өз таңдауларын жасады. Бұл – халықтың ел болашағына бейжай қарамайтынын және маңызды саяси науқанға жауапкершілікпен қарайтынын көрсетеді. Екінші тұрғыдан, бұл – демократиялық қоғамның айқын белгісі.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов референдумға қатысу әрбір қазақстандықтың конституциялық құқығы екенін атап өтті.

– Ең алдымен, бұл – Қазақстанның әр азаматының өз құқығын пайдалану мүмкіндігі. Соған қуануымыз керек. Көптеген елдерде азаматтардың дауыс беру құқығына толық ие бола алмай жүрген жағдайлар кездеседі. Ал бізде бұл мүмкіндік бар, бұл – демократияның белгісі, – деді ол.

Ректордың айтуынша, уақыт бір орында тұрмайды, қоғам мен мемлекет үнемі дамып, өзгеріп отырады. Осы өзгерістерді ескере отырып, жаңа саяси реформаларды және ел өміріндегі маңызды жаңалықтарды Ата Заңға енгізу қажеттілігі туындаған. «Осы уақытқа дейін еліміз көптеген жетістіктерге жетті, халықаралық деңгейде де, ішкі саясатта да түрлі өзгерістер болды. Жаңа саяси реформалар жасалды. Соның бәрін Конституцияда бекіту мақсаты қойылды. Бұл бастамалар халыққа кеңінен түсіндірілді. Соның нәтижесінде азаматтар белсенді түрде дауыс берді» деді Ерлан Сыдықов.

Оның сөзінше, жаңа Конституция елді жаңғыртып, дамытудың маңызды тетігіне айналмақ. Сондықтан да құжат «жаңа Конституция» деп аталып отыр. Сондай-ақ референдум алдында университеттерде, соның ішінде Еуразия ұлттық университетінде де Конституцияның жаңа нұсқасы кеңінен талқыланған. Арнайы топтар құрылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілген. «Бұл тек біздің университетте ғана емес, бүкіл ел бойынша халықтық талқылау болды. Арнайы коалициялар мен сараптамалық топтар құрылып, түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілді. Бұқаралық ақпарат құралдары да үлкен үлес қосты. Тіпті студенттердің өзі қоғамда түсіндіру жұмыстарын жүргізді» деді ректор.

Мамандардың пікірінше, референдумға халықтың белсенді қатысуы – елдің болашағына деген жауапкершіліктің және қоғамдағы саяси мәдениеттің артып келе жатқанының айқын көрінісі.

ПАРАСПОРТШЫЛАР ҮН ҚОСТЫ

15 наурыз күні Астана қаласының параспортшылары да азаматтық белсенділік танытып, дауыс берді.

Атап айтқанда, пара каратэден халықаралық дәрежедегі спорт шебері, ҚР бірнеше дүркін чемпионы, Азия чемпионы және әлем чемпионатының жүлдегері Ләззат Жүсіпова; пара таеквондодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әлем және Азия чемпионаттарының жүлдегері, Сурдлимпиада ойындарының қатысушысы Руслан Ахметов; тоғызқұмалақтан ҚР спорт шеберлігіне кандидат, әлем чемпионатының жүлдегері Ләззат Отарбекова; сурдо дзюдодан ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, Қазақстан чемпионы, 2025 жылғы Сурдлимпиада ойындарының чемпионы Амина Файзулина; сурдо дзюдодан Сурдлимпиада ойындарының екі дүркін қола жүлдегері Сабыржан Хапизов; ҚР спорт шебері, бірнеше дүркін халықаралық жарыстардың жүлдегері, Спартакиада чемпионы Алтынай Ержанқызы; пара арбадағы теннис спортшысы Дінмұхамед Алиякпаров; пара оқ атудан ҚР спорт шебері Айгерім Төлегенова республикалық референдумда дауыс берді.

Сонымен қатар дзюдо жаттықтырушылары Дәурен Оразұлы пен Данияр Болат та бұл маңызды саяси науқанға қатысып, азаматтық ұстанымдарын білдірді. Сондай-ақ Астана қаласы әкімдігінің «Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған «Елорда» спорт клубының» басшылығы, жаттықтырушылары мен қызметкерлері де референдумға қатысып, пікір білдірді.

Астанада референдум өткізу үшін 501 сайлау учаскесі ашылды. Таңертеңнен бастап тұрғындар белсенділік танытып, алғашқы болып дауыс берген азаматтар мен алғаш рет дауыс беруге қатысып жатқан тұрғындарға символикалық сыйлықтар табысталды.

АЛҒАШ КЕЛГЕНГЕ – СЫЙЛЫҚ

Астанадағы сайлау учаскелерінде тұрғындар үшін тосынсыйлар дайындалған. Естелік сыйлықтар алғашқы болып дауыс берген азаматтарға, сондай-ақ кәмелет жасына енді ғана толып, алғаш рет дауыс беруге қатысып жатқан жастарға берілді. Мұндай бастама тұрғындардың белсенді азаматтық ұстанымын қолдауға және маңызды қоғамдық-саяси оқиғаға қатысуын ынталандыруға бағытталған. Жалпы елордадағы сайлау учаскелерінде шамамен 4 500 сыйлық дайындалған.



№31 (4929) 17/03/2026 Сейсенбі



ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛҒАН ЖОҚ

Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік ассамблеясының байқаушылар құрамына кіретін Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының мүшесі Осман Местен миссия мүшелері Астана, Алматы және Түркістан қалаларындағы 115 сайлау учаскесіне барғанын айтты.

«Миссия байқаушылары барлық процесс кәсіби, өте жоғары деңгейде өтті деген қорытындыға келді. Дауыс берушілерге қажетті ақпарат толық ұсынылды. Біздің тарапымыздан референдум нәтижесіне әсер етуі мүмкін ешқандай заң бұзушылық анықталған жоқ. Миссия мүгедектігі бар азаматтар үшін қабылданған шараларды оң бағалайды. Сондай-ақ халықаралық байқаушылардың жұмыс істеуіне арналған Қазақстандағы құқықтық жағдайға жоғары баға береді. Миссия 2026 жылғы 15 наурызда өткен референдум Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес өтті деген қорытындыға келді» деді спикер Халықаралық байқаушыларға қолғабыс көрсету орталығында өткен баспасөз конференциясында.

БАРЛЫҚ МҮМКІНДІК ЖАСАЛҒАН

Шанхай ынтымақтастық ұйымы Бас хатшысының орынбасары, миссия басшысы Олег Копылов Қазақстанда жаңа Конституцияны қабылдау бойынша өтіп жатқан республикалық референдумға дайындық пен дауыс беру процесін байқау барысында дауыс берушілер үшін барлық жағдай жасалғанын атап өтті. Оның айтуынша, мүгедектігі бар адамдардың дауыс беруіне де қажетті мүмкіндіктер қарастырылған.



«Жалпы алғанда, алдын ала бақылауларға сүйене отырып, Қазақстан тарапынан референдум процесін лайықты ұйымдастыру үшін үлкен жұмыс атқарылғанын айтуға болады. Ұйымдастырушылық және техникалық дайындық жоғары кәсіби деңгейде жүргізілген. Сондай-ақ азаматтардың еркін таңдау құқығын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологиялық жаңашылдықтар енгізілуде. Ұсынылып отырған конституциялық өзгерістердің мазмұны туралы кең аудиторияға ақпарат берілген. Бұл процесс қоғамда және сарапшылар арасындағы талқылаулармен қатар жүріп отырған. Қоғамда ұсынылып отырған конституциялық реформаларға деген қызығушылық жоғары екені байқалады. Дауыс беру учаскелерінде жақсы атмосфера қалыптасқан. Дауыс беруге жастар белсенді қатысты» деді спикер Астанада Халықаралық байқаушыларға қолғабыс көрсету орталығында өткен баспасөз конференциясында.

Олег Копыловтың айтуынша, бұл азаматтардың қазіргі референдумға ерекше мән беретінін және халықтың, ең алдымен, өз еркін білдіру процесіне деген сенімінің жоғары екенін көрсетеді.

103 ЖАСТАҒЫ ТЫЛ АРДАГЕРІ ҚОЛДАДЫ

Астана қаласы Байқоңыр ауданының тұрғыны, 103 жастағы тыл ардагері Анна Григорьевна Дегтярева өз шаңырағында дауыс берді.

Анна Григорьевна 1924 жылдың 10 желтоқсанында Калинин ауданына қарасты Новодонецк ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын ерте бастап, небәрі 15 жасынан бастап сауыншы болып жұмыс істеген. Балалық шағында анасына көмектесіп, егіс алқабында еңбек етіп, өнім жинауға қатысқан. Ол 50 жасында көпбалалы ана ретінде зейнетке шыққан. Өмірге 6 қыз әкеліп, ұрпақ тәрбиелеген ардақты ана бүгінде үлкен әулеттің алтын діңгегіне айналған. Қазіргі таңда оның 5 қызы, 16 немересі және 40 шөбересі бар. 2018 жылдан бері Анна Григорьевна Астана қаласында тұрып келеді. Ғасырдан асқан ғұмырында елмен бірге талай тарихи кезеңнің куәсі болған тыл ардагері бүгін де ел болашағына бейжай қарамай, азаматтық белсенділігін танытты.





ТЕАТР ҰЖЫМЫ ФЛЕШМОБ ӨТКІЗДІ

«Наз» мемлекеттік би театрының ұжымы ашық аспан астында флешмоб өткізді.

Астана қаласы Сарыарқа ауданындағы №374 учаскеде азаматтардың белсенділігін арттыру мақсатында аталмыш театр ұжымы халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін жанды дауыста орындады.

– Бұл флешмоб қуаныш пен қоғамдық бірліктің символы ретінде ойластырылған. Музыка мен адамдардың белсенді қатысуы арқылы жоба елдегі тарихи оқиғаның маңызын еске салуды мақсат етті. Ұжым болып осындай айрықша кезеңге өз үлесімізді қосқымыз келді, – деді өз сөзінде аталмыш театрдың балет әртісі Гүлнәр Сүттібаева.

Флешмобқа 40-қа жуық адам қатысты. Ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралар әр дауыстың маңызды екенін және ол жоғары азаматтық жауапкершіліктің айқын көрінісі саналатынын атап өтті.

МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ КҮЙ ТАРТУ ЕТТІ

Елордадағы №353 сайлау учаскесінде студенттердің бастамасымен мерекелік концерт пен жәрмеңке ұйымдастырылды. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетіндегі учаскеде келушілердің қарасы қалың болды.

Студент жастар сайлау учаскесіне алғаш болып келген азаматтарға, отбасымен бірге дауыс берген тұрғындарға, егде жастағы сайлаушыларға және өмірінде алғаш рет дауыс беріп отырған жас азаматтарға бұл күнді айрықша есте қалдыруға ниет білдірді.

– Ел үшін тарихи сәтте ерекше белсенділік танытуды жөн көрдік. Мұндай бастамалар тұрғындардың саяси белсенділігін арттырып қана қоймай, референдумның ел өміріндегі маңызын айшықтай түседі. Өйткені референдум – халықтың өз пікірін білдіріп, мемлекет болашағына қатысты шешім қабылдауға тікелей қатысатын маңызды саяси үдеріс. Сондықтан әр азамат үшін мұның орны зор, – дейді С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті жастар саясаты және әлеуметтік департамент жөніндегі директоры Нұрдос Кәрімбаев.

Аталмыш учаскеде 2998 азамат тіркелген, ал бюллетень саны – 3028.



№31 (4929) 17/03/2026 Сейсенбі

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ОҚУЛЫҚ НЕГЕ АЛА-ҚҰЛА?



БІР ОҚУЛЫҚ БОЛСА БІР СӘРІ...

Оқулықтардың әртүрлі авторлық ұжымдар мен баспалардан шығуы олардың мазмұны мен тілдік деңгейінің үйлеспеуіне әкелуде. Бір оқулықта тақырып қарапайым әрі балаға түсінікті тілмен берілсе, екіншісінде сол материал күрделі терминдерге толы, ауыр тілмен жазылған. Астана сияқты ірі қалаларда пәтерден-пәтерге көшіп, бала оқытып жүргендер аз емес. Баласы басқа мектепке ауысса, мектепте қолданылатын кітаптың баспасы ұқсамай қалса, ата-аналар қайтадан оқулық іздеуге, бала жаңа оқулықпен оқуға мәжбүр болады. Бұл мәселені ата-аналар мен ұстаздар жыл сайын көтеріп келеді. Әсіресе бастауыш сынып оқулықтарының тілі баланың жас ерекшелігіне сай келмейтіні жиі сынға алынады. Алайда қоғамда осынша талқыланып келе жатқан бұл түйткіл әлі күнге дейін нақты әрі жүйелі шешімін тапқан жоқ.

Бірнеше жыл бұрын сала сарапшылары 1-11-сыныптарға арналған 173 оқулықты талдаған еді. Зерттеу нәтижесінде олардың 40-ы – «Алматыкітап», 53-і – «Атамұра», 64-і – «Мектеп», ал 10-ы «Арман-ПВ» баспасынан шыққаны анықталған. Бұл дерек елімізде оқулық саясатының қаншалықты ала-құла екенін айқын көрсетеді. Бір елде бір стандартпен білім беріліп жатқанмен, оқулық мазмұнының мұншалықты әркелкі болуы – білім жүйесіндегі жүйесіздіктің нақты көрінісі. Яғни «Бір ел болған соң, бір оқулық болу керек» деген қағида сақталмай отыр. Сонымен қатар кейбір оқулықтардағы шетелдік мысалдар мен образдар оқушының танымын шатастырып, ұлттық санаға жат ақпарат беріп отыр. Қазақ баласының күнделікті өміріне қатысы жоқ ұғымдар мен көріністердің жиі кездесуі оқулықтың тәрбиелік маңызын әлсіретіп, ұлттық дүниетанымның қалыптасуына кері әсер етеді. Оқулық тек білім құралы емес, баланың сана-сезімін, көзқарасын қалыптастыратын негізгі тәрбие тетігі екенін ескерсек, бұл мәселені елеусіз қалдыруға болмайды.

Әр баспадан шыққан оқулықтардың білім сапасына кері ықпал ететіні сарапшылар тарапынан да жиі айтылып жүр. Мамандар қазіргі оқулықтар оқушылардың функционалдық сауатын дамытуға емес, тест тапсырмаларын жаттауға бейімделгенін алға тартады. Әртүрлі мазмұн мен қиындық деңгейі бар оқулықтар балаға жүйелі ойлауды емес, механикалық жаттауды үйретеді. Нәтижесінде оқушы алған білімін өмірде қолдана алмайды. Бұл – оқулық мазмұнын әзірлеудегі сапа мен бірізді стандарттың болмауынан туындаған күрделі кемшілік.

Бұл мәселе Мемлекет басшысы деңгейінде де бірнеше рет көтерілген. Осыдан 5 жыл бұрын Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында оқулықтардың сапасына арнайы тоқталып: «Мен өзім бірнеше оқулықты оқып, олардың сапасыздығына таңғалдым» деп ашық айтқан болатын. Сол жиында Президент Қазақстан тарихы пәні бойынша бірыңғай оқулық әзірлеуді тапсырды. Бұл оқулықтағы олқылықты мойындап қана қоймай, оны жүйелі түрде шешуге бағытталған нақты қадам еді. Демек, Президент атап өткендей, әрбір пән бойынша оқулықтардың мазмұнын үйлестіру үшін бірегей, ортақ стандарт қажет. Оқулық саясаты нарық заңына емес, ұлттық мүддеге қызмет етуі тиіс. Бірізді, сапалы, ұлттық мазмұны берік оқулық қана білім сапасын арттырып, болашақ ұрпақтың зияткерлік және рухани дамуына негіз бола алады.

> Қазір екі сыныпта қатар оқып жатқан құрдас екі оқушы бірдей білім алып жатыр деп айту қиын. Себебі бір мектеп «Атамұра» баспасынан шыққан оқулықпен оқытса, екіншісі «Алматыкітап», үшіншісі «Мектеп» немесе «Арман-ПВ» баспасының кітабын пайдаланады. Бір елде бір білім стандарты бола тұра, оқулықтардың мұншалықты ала-құла болуы – ойлантатын мәселе. Бір тақырып бір оқулықта жан-жақты қамтылса, екіншісінде үстірт қана өтеді, ал кей тапсырмалар бір кітапта бар да, екіншісінде мүлдем кездеспейді. Мұндай бей-берекетсіздік оқушының ғана емес, мұғалімнің де жұмысын күрделендіріп, білім сапасына тікелей әсер етіп отыр.

ЖҮЙЕ ЖӨНДЕЛМЕЙ, ОЛҚЫЛЫҚ ОҢАЛМАЙДЫ

Оқулықтағы олқылық мәселесін жиі айтып жүрген белгілі сарапшы, химик-педагог Аятжан Ахметжанұлы оқулық жазудағы жүйе өзгермесе, оқулықтың олқылығы оңалмайды дейді.

– Осыдан 12 жыл бұрын «Оқулық олқы болса, оқушы қайдан оңады?» деген мақала жазған едім. Содан бері осы мәселені айтып келемін. Өкінішке қарай, жағдай айтарлықтай өзгерген жоқ. Қазір біреу «Оқулық сапасы қашан оңалады?» деп сұраса, көбіне «Қазіргідей оқулық жазу жүйесінде оқулық сапасының оңалуы қиын» деп жауап беретін болдым. Себебі мәселе жеке авторларда емес, оқулық жазу жүйесінің өзінде.

Мектеп оқулығы бірнеше кезеңмен дайындалады. Алдымен Оқу-ағарту министрлігі мемлекеттік стандартты бекітеді. Одан кейін Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы мен министрліктің Орта білім комитеті үлгілік оқу жоспарын әзірлейді. Соның негізінде білім беру бағдарламалары жазылады. Бағдарламаларды көбіне мектеп мұғалімдері мен ғалымдар бірлесіп дайындайды. Бірақ бұл олардың негізгі жұмысы емес. Бірі университетте, бірі мектепте жұмыс істейді. Яғни бағдарлама жазу – көбіне қосымша қызмет. Тіпті бір сыныптың бағдарламасын бір маман, келесі сыныптың бағдарламасын басқа маман жазуы мүмкін. Дайын болған бағдарламаларды Білім академиясы мен Білім мазмұнын сараптау орталығы тексереді. Алайда сарапшылардың да негізгі жұмысы бұл емес. Олар да көбіне мектепте немесе университетте қызмет атқаратын мамандар. Оның үстіне кейбіріне еңбекақы төленсе, кейбіріне мүлдем төленбейді. Ал ақысы төленбеген жұмыстың сапасы қандай болатыны белгілі. Осыдан кейін дайын болған бағдарламалар еліміздегі бірнеше баспаға беріледі. «Атамұра», «Мектеп», «Алматыкітап», «Арман-ПВ» сияқты баспалар өз авторлық ұжымдарын жинап, оқулық жазуға кіріседі. Бірақ оқулық авторларының да негізгі жұмысы – сабақ беру. Сондықтан оқулық көбіне негізгі жұмыстың арасында, қолы бос уақытта жазылады. Кейде тіпті кейбір тараулар студенттерге тапсырма ретінде беріліп, кейін өңделіп қолданылатын жағдайлар да кездеседі. Ал оқушы оқулық арқылы білім алғаннан кейін сол білімді тексеретін ұлттық емтихан – ҰБТ тапсырмаларын тағы басқа мамандар әзірлейді. Байқасақ: бағдарламаны біреулер жазады, оқулықты басқа адамдар дайындайды, ал емтихан тапсырмаларын үшінші адамдар әзірлейді. Бір сөзбен айтқанда, бірізді жүйе жоқ. Ертең оқулықтан қате шықса, біреуі бағдарламаны, біреуі баспаны, енді бірі сараптама орталығын кінәлайды. Қазақта «Молда көбейсе, қой арам өледі» деген сөз бар. Біздің оқулық мәселесі де соған ұқсайды. Демек, әркім қосымша жұмыс ретінде қарайтын істен сапалы оқулық шығуы қиын.

ОҚУЛЫҚ – ЖАЙ ҒАНА ОҚУ ҚҰРАЛЫ ЕМЕС, ҰЛТТЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ АЙНАСЫ. СОНДЫҚТАН ОҚУЛЫҚ САЯСАТЫНА НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАУ БОЛАШАҚҚА НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАУМЕН ТЕҢ. БІРІЗДІ, САПАЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МАЗМҰНЫ БЕРІК ОҚУЛЫҚ ҚАНА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРЫП, САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Себебі адам үшін негізгі жұмыс әрқашан бірінші орында тұрады. Ал мемлекет үшін ең маңызды құндылық – болашақ ұрпақ. Егер сол ұрпақтың қолындағы оқулықтың сапасын дұрыстай алмасақ, білім сапасы туралы айту да қиын. Оқулық олқы болса, оқушының да оңуы қиын.

БАТЫЛ ӨЗГЕРІС КЕРЕК

Оқулық мәселесін шешу үшін, ең алдымен, жүйелі әрі батыл қадамдар қажет:

Біріншіден, оқулықтарда мазмұндық бірізділік қалыптастыру – уақыт күттірмейтін міндет. Бір пән бойынша бірнеше баспаның оқулығын қатар қолдану тәжірибесін кезең-кезеңімен қысқартып, кемінде бастауыш сыныптарда бірыңғай оқулыққа көшу қажет. Себебі бастауыш – баланың білім іргетасы қаланатын ең жауапты кезең.

Екіншіден, оқулықтарды сараптау және бекіту жүйесін түбегейлі қайта қарау керек. Қазіргі сараптама формалды сипаттан арылып, нақты мазмұн, тілдік сәйкестік, жас ерекшелігі және ұлттық құндылық тұрғысынан қатаң бағалануы тиіс. Сараптамаға тек шенеуніктер емес, тәжірибелі мұғалімдер, әдіскерлер, ғалымдар мен қоғам өкілдері кеңінен тартылғаны жөн.

Үшіншіден, ұлттық мазмұнды күшейту оқулық саясатының негізгі бағытына айналуы қажет. Әрбір мәтін, әрбір тапсырма мен сурет қазақ баласының өміріне, дүниетанымына жақын болуы тиіс. Қазақтың салт-дәстүрі, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі оқулық беттерінде жүйелі түрде көрініс тапқанда ғана білім мен тәрбие қатар жүреді. Ұлттық болмысқа жат мысалдар мен бейнелерге жол бермеу баспалар үшін қатаң талап болуы керек.

Төртіншіден, мұғалімнің рөлі мен пікірін ескеру маңызды. Оқулықты күнделікті қолданатын – мұғалім. Сондықтан жаңа оқулықтарды енгізер алдында оларды апробациядан өткізіп, педагогтардың нақты ұсыныстары мен ескертпелерін ескерген жөн. Бұл – оқулық сапасын бақылаудың тиімді жолының бірі.

Оқулық – жай ғана оқу құралы емес, ұлттың интеллектуалдық айнасы. Сондықтан оқулық саясатына немқұрайлы қарау болашаққа немқұрайлы қараумен тең. Бірізді, сапалы және ұлттық мазмұны берік оқулық қана білім сапасын арттырып, саналы ұрпақ тәрбиелеуге жол ашады.

ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ ӨЛШЕМІ

Оқулықтың сапасыздығынан ба, әлде мұғалімнің біліксіздігінен бе, қалай десек те, бүгінгі қазақ мектебіндегі оқушылардың өзі ана тілінде оқыған мәтінін толық түсінбейді. Яғни қазақ тілінде білім алып жүрген балалардың бір бөлігі оқыған дүниесінің мазмұнын саралап, негізгі ойын анықтап, соның негізінде тұжырым жасап, оны ауызша да, жазбаша да жүйелі жеткізе алмайды. Бұл – тек жеке оқушының кемшілігі емес, оқыту жүйесіндегі олқылықтың көрінісі. Әдебиет пәнінің мұғалімдері бұл жағдайды оқулықтағы сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған нақты грамматикалық жаттығулардың аздығымен байланыстырады. Тапсырмалар көбіне мәтінге негізделіп беріледі де, ережені нақты түсіндіретін, дағды қалыптастыратын мысалдар жеткіліксіз. Оның үстіне мәтін хрестоматияда, ал автор туралы мәліметтің оқулықта берілуі оқушыға қосымша қолайсыздық туғызады. Кейбір мұғалімдер оның біреуін оқытып, біреуін оқытпайтын жағдай да кездеседі. Екі кітапты қатар алып жүру де, бірін оқып, бірін елемеу де оқу үдерісінің жүйесіздігін көрсетеді. Осындай мазмұндық бөлшектенудің орнына барлығын бір арнаға тоғыстырған тұтас оқулық ұсыну әлдеқайда тиімді болар еді. Сондай-ақ грамматика ережелерін түсіндіру үшін биотехнология секілді жаратылыстану саласына қатысты күрделі мәтіндерді ұсынудың қаншалықты орынды екені де ойландырады. Егер оқушы грамматиканың өзін толық меңгермей жатса, оған мазмұны мүлде қабыспайтын, терминге толы мәтінді қоса беру танымдық жүктемені арттырғаннан басқа нәтиже бермейді. Тілдік негіз берік қалыптаспайынша, өзге саланың мазмұнын кіріктіру оқушының түсіну қабілетін күшейтпей, керісінше, шатастырып жіберуі мүмкін.

Жалпы, Қазақстанда бір пәнге қатысты материалдардың қосарланып, қатар жүруі қалыпты құбылысқа айналып барады. Тіпті 1-сыныпқа енді ғана қадам басқан баланың өзі бір пән бойынша кемінде екі кітапты – оқулық пен қосымша хрестоматияны немесе жұмыс дәптерін – бірге алып жүруге мәжбүр. Бұл, бір жағынан, мазмұнды толықтыру мақсатынан туындағанмен, екінші жағынан, оқу үдерісін күрделендіріп, баланың жас ерекшелігіне сай келмейтін артық жүктеме қалыптастырады.

Бастауыш сынып оқушысы үшін ең маңыздысы – материалдың ықшам, түсінікті әрі бірізді берілуі. Ал бірнеше кітаптың арасында мазмұнның бөлшектенуі оқушының зейінін шашыратып, жүйелі қабылдауына кедергі келтіреді. Сондықтан оқу материалының құрылымын қайта қарап, мүмкіндігінше мазмұнды бір арнаға тоғыстыру баланың оқуына да, денсаулығына да оң әсер етер еді.

P.S: ***Оқулықтағы олқылық бір күннің немесе бір жылдың мәселесі емес, ол – білім сапасына тікелей әсер ететін жүйелі түйткіл. Оқулықтағы ала-құлалық пен мазмұндық сәйкессіздік жойылмайынша, білім сапасын арттыру туралы айту қиын. Әсіресе бастауыш сыныпта жіберілген қателік кейінгі білім сатысында орны толмас олқылыққа айналады. Сондықтан оқулық мәселесі тек баспалардың немесе жекелеген авторлардың шаруасы емес, ол – мемлекет деңгейінде шешілуі тиіс стратегиялық мәселе. Бірізді, сапалы әрі ұлттық мазмұны берік оқулық – болашақ ұрпақтың даму кепілі. Сапалы оқулықсыз сапалы білім болмайды.***

АРДАГЕРЛЕР АЛҒЫС АЙТТЫ

Астана қаласының Нұра аудандық ардагерлер кеңесі және әл-Фараби мешітінің басшылығы мен қызметкерлерінің арасында достық, түсіністік, сыйластық пен көмек көрсету үрдісі жалғасын табуда.



Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мүбәрак мәулітіндегі хадистерінің бірінде: «Адамға алғыс айта алмаған Аллаға шүкір ете алмайды» деген екен. Ендеше орайлы сәтте мешіт өмірінде маңызды іс атқарып жүрген жандарға алғыс айтпасқа болмайды. Мешіт үшін берекенің ұйытқысы, дін мен дәстүр, ұрпақтар сабақтастығын сақтауда үлгі бола алатын біздің ақсақалдарымыз, әжелер мен апаларымыз емес пе?

Алғыс айту күніне орай әл-Фараби мешітінің бас имамы Нұрлан Бекболатұлына, наиб имам Мамлюк Асханұлына Астана қаласының Нұра ауданы ардагерлерінен мың алғыс! Ораза айында біздің ардагерлер үшін ауызашар ұйымдастырғандары сауаптан болсын!

Нұра ауданы ардагерлері осы заманғы өзгерістерге сай жастарға үлгі көрсетуде, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуда ауданымызда орналасқан мектептер мен колледждерде, университеттерде жастармен кездесулер ұйымдастыруды жалғастыруда. Олар жастарға тәлім-тәрбие беріп, ата-ананы, үлкендерді құрметтеу жөнінде өздерінің жастық шағы кезіндегі аға буынды сыйлау ерекшелігін айтуда: «Үлкендерді құрметте», «Жасы үлкен адамның алдын кесіп өтпе», «Жасы үлкен адамның бетіне қарсы дау айтпа», «Көпшілік жерде көлікте жасы үлкен адамға орын бер», т. б. Әрине, осы қағидалар әл-Фараби мешітінің медресе тыңдаушыларына да үнемі айтылып отырады деген сенімдеміз.

Осы күні ауызашарға қатысқан ардагерлердің атынан ерекше ризамыз. Ас мәзірін дайындап, жинаған қауымның ризалығы мен батасына ие болған асхана меңгерушісі Жақсылық Хибадатұлына үлкен алғыс! Осылайша, қасиетті орта, имандылық үйі – мешітте қызмет етіп, Аллаға құлшылық еткендері қабыл болсын демекпіз!

Санасы өсіп адамның,
Көңілінде кір қалмасын.
Құты қашып жаманның,
Жақсы тапсын жалғасын!

Орайлы сәтті пайдаланып, Астана қаласында орналасқан әл-Фараби мешітінің басшылары мен ұжымына зор алғысымызды білдіре отырып, бауырларымызға зор денсаулық, ұзақ та бақытты ғұмыр иесі болуларына шын жүректен тілектеспіз!

Айтмағамбет АИПОВ,
Астана қаласы
Нұра ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы

САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІ ТАНЫТАТЫН КӨРМЕ

Наурызнама онкүндігі бойынша 16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Осыған орай кеше Ұлттық академиялық кітапханада «Ұлттық мәдениеттің негізі – салт-дәстүрлер» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Аталмыш кітапхананың ақпараттық-мәдени бағдарламалар бөлімінің әдіскері Таңшолпан Серікқызының айтуынша, бұл көрменің мақсаты – оқырмандарды қазақ халқының бай мәдени мұрасымен таныстырып, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың, ырым-тыйымдардың тәрбиелік мәнін насихаттау, сондай-ақ жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттыру. Кітап көрмесіне халқымыздың салт-дәстүрі, ұлттық дүниетанымы, әдет-ғұрыптары мен рухани мұрасы туралы жазылған еңбектер қойылды. Атап айтқанда, Өзбекәлі Жәнібековтің «Дәстүр және уақыт», Дүнгенбай Ботпаевтың «Көктем кеші», «Қош келдің, Наурыз», «Жаңа дәстүр, жаңа салт», Қасымхан Бегмановтың «Дәстүр: кеше, бүгін, ертең» төрт томдығы, Нұролла Ғазизовтың «Көктем көңілі», «Дәстүрлі атаулар», «Қазақтың бата-тілегі», «Салт-дәстүр сөйлейді», «Армысың, әз Наурыз», Ұлықбек Есдәулеттің «Ұлыстың ұлы күні», т. б. кітаптар ұсынылды. Осы туындылар оқырмандарды ұлттық құндылықтардың мән-маңызын тереңірек тануға шақырып, халқымыздың рухани мұрасын дәріптеуге бағытталған.

Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2025 жылғы жұмысының қорытындыларын шығарды.

Есепті кезеңде жалпы сомасы 68,9 млрд теңгені қамтыған 104 аудиторлық іс-шара өткізілді. Тексеру нәтижелері бойынша 17,2 млрд теңге көлемінде қаржылық бұзушылықтар, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарына негізсіз төлем жасау, жалақы төлеу және қаржылық есептілікті бұрмалау сияқты мәселелерге байланысты 33,5 млрд теңге сомасына 267 рәсімдік бұзушылық анықталды.

Аудит қорытындысы бойынша бақылау объектілеріне 95 нұсқама және 93 ұсыным енгізілді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 17,1 млрд теңге сомасындағы қаржылық бұзушылықтардың 99,4%-ы жойылды. Оның ішінде:

* тауарлармен, жұмыстармен және қызметтермен қалпына келтірілгені – 6,7 млрд теңге;
* бюджетке өтелгені – 214,2 млн теңге;
* бухгалтерлік есепте көрсетілгені – 10,2 млрд теңге.

Процессуалдық шешімдер қабылдау үшін құқық қорғау органдарына 5,9 млн теңге сомасына 1 материал жолданды.

Сонымен қатар, 151,1 млн теңге сомасына 1 019 әкімшілік іс қозғалды, оның ішінде 129,3 млн теңге бюджет кірісіне өндірілді.

Прокуратура органдарымен өзара іс-қимыл аясында 20 қорытынды беріліп, олардың шеңберінде 11,4 млрд теңге көлемінде бұзушылықтар анықталды.

Жалпы алғанда, департамент қызметінің бюджетке түсімдер арқылы көрсетілген мультипликативтік әсері 495,7 млн теңгені құрады.

Мемлекеттік сатып алулардың камералдық бақылауы аясында 3,6 трлн теңге сомасына 65 350 сатып алу рәсімі қамтылды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 28,5%-ға көп. 21,1 млрд теңге сомасына 1 744 рәсім бойынша бұзушылықтар анықталып, олардың 96,7%-ы жойылды, бұл 20,4 млрд теңге көлеміндегі бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ мониторинг шеңберінде 1,4 млрд теңгеден астам сомаға 3 007 тәуекелді төлем бойынша 249 хабарлама жолданды. Ең көп тәуекелдер білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында анықталды. 134,2 млн теңге сомасына тәуекелдер расталды.

Бекітілген тізімге сәйкес 2025 жылы қаржылық есептілік аудиті төрт бюджеттік бағдарлама әкімшісінде жүргізілуде.

2024 жылдың қорытындысы бойынша жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінің баланс валютасының жалпы сомасы 4 трлн 290,1 млрд теңгені құрады. Жыл ішінде аудит 7 бюджеттік бағдарлама әкімшісінің активтерін қамтыды, олардың жиынтық баланс валютасы 967,4 млрд теңге, бұл жалпы бюджеттің 22,6%-ын құрайды.

Тексеру барысында жалпы сомасы 1 трлн 67,7 млрд теңге көлемінде бұзушылықтар анықталды, оның ішінде 828,8 млн теңгесі қаржылық есептіліктің дұрыстығына әсер ететін елеулі бұзушылықтар ретінде танылды.

Профилактикалық бақылау аясында 7 тексеру жүргізілді, оның ішінде қоғамдық мүдде ұйымдары мен аудиторлық ұйымдарда.

Сонымен қатар, 281 қоғамдық мүдде ұйымы 98,7 млн теңге сомасына әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 72,2 млн теңге бюджетке өндірілді. 26,5 млн теңге сомасындағы материалдар мәжбүрлеп өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларына жолданды.

Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті бюджет қаражатын негізді пайдалану бағытындағы жұмысты жалғастырып келеді. Бұл ретте бұзушылықтардың алдын алу және оларды жедел анықтау үшін аудиттің цифрлық құралдары белсенді қолданылуда.

2025 жылдың қорытындылары қаржылық тәртіптің нығаюын, бюджеттік процестердің ашықтығын арттыруды және мемлекеттік қаражаттың тиімді жұмсалуын көрсетеді.

Қазіргі қоғамда АИТВ-инфекциясы – медициналық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар мәселе. АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигма мен дискриминация олардың өмір сапасына, медициналық қызметтерге қолжетімділігіне және психоәлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Сондықтан АИТВ-инфекциясы жағдайындағы кемсітушіліктің алдын алу – адам құқығын қорғау және қоғамдық денсаулық сақтаудың маңызды бағытының бірі.

АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫНДАҒЫ ДИСКРИМИНАЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Дискриминация (кемсітушілік) – белгілі бір белгілерге байланысты жеке тұлғалардың немесе әлеуметтік топтардың құқығы мен бостандығын шектеу, сондай-ақ оларға тең емес қарым-қатынас жасау үдерісі. Кемсітушілікке негіз болатын белгілерге жас ерекшелігі, сыртқы келбет, тері түсі, этникалық шығу тегі, отбасы жағдайы, ұлты, діні, жынысы, әлеуметтік мәртебесі, жыныстық бағдары, гендерлік сәйкестілігі және АИТВ-статусы жатады.

АИТВ-инфекциясы аясындағы дискриминация жеке тұлғалық, институционалдық, қауымдастық және ұлттық деңгейде көрініс табуы мүмкін. Мұндай кемсітушілік денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігіне кері әсерін тигізіп, медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін төмендетеді.

АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты дискриминация әлеуметтік оқшаулануға, психологиялық күйзеліс пен депрессияға, сондай-ақ медициналық қызметтерді пайдаланудан бас тартуға алып келуі мүмкін. Қорқыныш пен сенімсіздік салдарынан кейбір адамдар АИТВ-ға тестілеуден өтуге немесе уақытылы ем қабылдауға жүгінбейді, бұл инфекцияның кеш анықталуына және оның әрі қарай таралу қаупінің артуына себеп.

Кемсітушілік әртүрлі формада көрініс табады: жұмыстан заңсыз босату, білім алу мүмкіндігінің шектелуі, медициналық қызмет көрсетуден бас тарту, ауызша немесе физикалық зорлық-зомбылық. Бұл жағдайлар адам құқығының бұзылуына және әлеуметтік теңсіздіктің тереңдеуіне әкеледі.

Дискриминациямен күрес – көптеген мемлекеттің әлеуметтік және денсаулық сақтау саясатының ажырамас бөлігі. Көптеген елдің конституциясы мен заңнамалық актілерінде кемсітушілікке жол бермеу қағидаттары бекітілген. АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың құқығын қорғау, стигманы төмендету, антиретровирустық терапия мен медициналық қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету – АИТВ-инфекциясының таралуын тежеудің негізгі шарты. Адам құқығы мен гендерлік теңдікке негізделген тәсілдер профилактикалық бағдарламалардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда ақпараттық-ағарту жұмысы мен қоғамның хабардарлығын арттыру ерекше маңызға ие.

Жыл сайын 1 наурызда ЮНЭЙДС бастамасымен «Дискриминацияға нөл» күні атап өтіледі. Биылғы ұран «Ең алдымен адамдар» деп аталады. Мемлекеттің АИТВ-инфекциясына байланысты құқықты қорғау, дискриминацияның қандай да бір түріне жол бермеу туралы кепілдіктері Қазақстан Республикасының Конституциясында, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексте заңнамалық деңгейде бекітілген. Елде «Белгіленбейтін тең берілмейтін» «Н=Н» ұстанымы қолданылады. Бұл ұстанымға сәйкес, АИТВ-мен өмір сүретін, антиретровирустық терапияны қабылдайтын және вирустық жүктемесі төмен адам вирусты жыныстық серіктесіне бере алмайды. Тұжырымдама әлемдік ғылыми зерттеулермен толығымен расталған.

АИТВ-инфекциясының алдын алу және дискриминацияны азайту мақсатында медициналық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар және қоғамдастықтар бірлескен іс-шаралар өткізуде. Халық арасында АИТВ-ның берілу жолдары туралы ғылыми негізделген ақпаратты тарату, жедел тестілеуді насихаттау және мамандардың кәсіби даярлығын арттыру – маңызды бағыттың бірі.

Медициналық қызметкерлерге, педагогтарға, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және басқа да мамандарға арналған тренингтер стигма мен кемсітушіліктің алдын алуға, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға толерантты көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

АИТВ-инфекциясы жағдайындағы дискриминацияның алдын алу – қоғамдық денсаулықты сақтау мен адам құқығын қорғаудың маңызды құрамдас бөлігі. Кемсітушілікті жою АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың өмір сапасын жақсартып қана қоймай, инфекцияның таралуын төмендетуге мүмкіндік береді. Сондықтан ғылыми негізделген ақпарат тарату, құқықтық тетіктерді жетілдіру және қоғамның барлық деңгейінде толерантты көзқарасты қалыптастыру АИТВ-инфекциясымен күрестегі басым бағыттар болуы тиіс.

АИТВ-ға тестілеуден ЖИТС орталықтарында және басқа да медициналық ұйымдарда тегін түрде өтуге болады. Талдау нәтижесі туралы ақпарат құпия. Сонымен қатар біздің орталықта арнайы «достық кабинеті» жұмыс жасайды. Ол жерде сіз дерматовенеролог, гинеколог дәрігерлерінен кеңес алып, тексерілуден өте аласыз. «Достық кабинеттерінің» мекенжайы: І.Есенберлин көшесі, 5/1 (жұмыс уақыты сағат 8:30-16:42), Е.Брусиловский көшесі, 4 (жұмыс уақыты сағат 10:00-17:30). Орталықтың АИТВ-ға тексерілу үшін қан тапсыру бөлмесінің жұмыс уақыты сағат 8:30-12:30, 14:00-16:00. Қан анализінің нәтижесі 2-3 жұмыс күні ішінде дайын болады. Тексерілу құпия түрде жүргізіледі. АИТВ-инфекциясы, оның алдын алу туралы мәліметтерді біздің орталықтың www.kazaids.kz сайтынан ала аласыз.

Эльвира УТЕЛОВА,
Астана қаласы АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі

Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жөргектермен қамтамасыз ету тәртібі туралы түсіндірме

Астана қаласы бойынша Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің департаменті мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, арнайы жүріп-тұру құралдарымен жеке абилитация және оңалту бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ оларды ауыстыру мерзімдерін ескере отырып қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес, қызмет алушыларды жөргектермен қамтамасыз ету әлеуметтік қызметтер порталы арқылы бір алушыға белгіленген жылдық көлем 1460 дана шегінде жүзеге асырылатынын хабарлайды.

Жөргектерді беру тоқсан сайын кемінде 365 дана мөлшерінде жүргізіледі. Қайта рәсімдеу алдыңғы алған күннен бастап күнтізбелік 60 күннен ерте жүзеге асырылмайды. Аталған мерзім өтінімдерді уақытылы қалыптастыруға және мемлекеттік қолдаудың үздіксіз көрсетілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қызметті рәсімдеу электрондық форматта жүзеге асырылады. Белгіленген норма шегінде қажетті жөргек санын таңдағаннан кейін өтініш жүйе арқылы автоматты түрде қалыптасады. Қызмет алушы қажетті көлемді дұрыс көрсетуі тиіс, содан кейін өтінім қарауға жіберіледі.

Тоқсан сайын беру тәртібін енгізу бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын күшейту қажеттілігімен байланысты. Бұған дейін жылдық көлемді бір реттік беру кезінде пайдаланылмаған жөргектерді үшінші тұлғаларға өткізу, сондай-ақ қолдау шарасын монетизациялау фактілері тіркелген, бұл оның әлеуметтік мақсатына қайшы келеді.

Қабылданған өзгерістер мемлекеттік қолдауды алушыларға әлеуметтік құралдарды ұсынудың атаулылығын, ашықтығын және тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

№31 (4929) 17/03/2026 Сейсенбі

Наурыз

17 НАУРЫЗ
18:30
«Бақытты шаңырақ жыры»
Жас көрермендердің музыкалық театры

17 НАУРЫЗ
11:00, 14:00
«Наурыз. Жарық күші» қойылымы
Жастар сарайы

17 НАУРЫЗ
10:00
«Көңілді жарыстар-2026»
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

17 НАУРЫЗ
19:00
ETHNO SAMAL
Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония

19 НАУРЫЗ
13:00
«Алтын әже»
Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония

19 НАУРЫЗ
19:00
«Жас Абай»
Ә.Мәмбетов театры

19 НАУРЫЗ
17:00
Көктем вальсі
Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония

19-22 НАУРЫЗ
12:00, 16:30
«Наурыз келді — көктем келді!»
Қуыршақ театры

20 НАУРЫЗ
10:00
«Ұлы дала ойындары»
«Qazaqstan» жеңіл атлетика кешені

20 НАУРЫЗ
19:00
«БІЗДІҢ ЖӘРМЕҢКЕ»: ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ
«Qazaqstan» ОКЗ

20 НАУРЫЗ
19:00
«Наурыз сыйлығы»
Бейбітшілік және келісім сарайы

20 НАУРЫЗ
19:00
«Наурыз нұры» концерті
Жастар сарайы

20 НАУРЫЗ
19:00
«Наурызым – сәнім, әнім»
Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония

21-22 НАУРЫЗ
«Наурыз – береке бастауы» концерті
қалалық алаң, «Қазақ елі» монументі аумағы, EXPO аумағы, «Астана Арена» стадионы маңы, «Astana Music Hall» алаңы және «Атамүрік» саябағы, Теміржолшылар тұрғын алабы, Интернациональный және Промышленный елді мекендері, «Бағыстан» және Пригородный тұрғын алаптары

22-23 НАУРЫЗ
14:00-18:30
Наурыз жәрмеңкесі
EXPO халықаралық көрме орталығы

22 НАУРЫЗ
12:00
«Қош келдің, әз Наурыз!»
Ә.Мәмбетов театры

22 НАУРЫЗ
18:00
«КӨКТЕМ САЗЫ»
Қуанышбаев театры

22 НАУРЫЗ
20:00
Мақпал Жүнісованың концерті
Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония

22-23 НАУРЫЗ
11:00
«НАУРЫЗ-ДУМАН»
Жас көрермендердің музыкалық театры

23 НАУРЫЗ
09:00
«Табиғат – адамзаттың алтын бесігі»
Экология акциясы

23 НАУРЫЗ
19:00
«Сағыныш сазы» ретро-концерті
Жастар сарайы

23 НАУРЫЗ
19:00
«Күй» драмасы
Қуанышбаев театры

24 НАУРЫЗ
17:00
Армысың, әз Наурыз!
Астана Опера



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №31
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ